

Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округінің Набережное ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 1-03-5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 тамызда № 6926 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 ақпандағы № 1-03-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 15.02.2021 № 1-03-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Павлодар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 2-36/297 ұсынысы негізінде, Григорьевка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округінің Набережное ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Григорьевка ауылдық округінің әкімі

В. Бруцкий